

«Есік көлі» ел табысын еселеуді



2-БЕТ

Отандық өнім үлкен сұранысқа ие



6-БЕТ

Білім көрсеткіші жыл санап жақсарып келеді



8-БЕТ



ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№37 (3666)
21 мамыр 2024



• СҰХБАТ

Ажар ҚЫДЫРАЛИНА,
Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды құқықтық және әлеуметтік қорғау бойынша Жетісу облыстық «Жігер» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАСАМ ЖАНЫМ РАХАТТАНАДЫ»



– Ажар Сыдықбекқызы, ерекше жандардың жан жарасын, көңіл түкпіріндегі қуанышы мен қайғысын кез келген адам түсіне бермейді. Содан болар, қоғамнан түсіністік, айналасынан мейірім күткен жандарға қолдау көрсетуге тырысатындар аз. Ал сіздің осындай жауапкершілігі зор жұмысты бастауыңызға не әсер етті?

– Қала көшелерінде, базарларда өзін сияқты мүмкіндігі шектеулі жандардың киімдері нашар, көңілдері пәс болып жүретінін көріп, іштей қынжылатымын. Алайда, уайымды көптен жасырып, мүжіліп отыра бермей, тағдырластарыма қалай көмектесемін, тығырықтан алып шығатын қандай жол бар деген ой туғанда ұлы ақын Абай Құнанбаевтың «Өзіңе сен, өзінді алып шығар –

Еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деген ұлағатты сөзі санамда жаңғыра берді. Көп ойландым. Түбі қаражатқа тірелгеніммен, аз ақшаны құрау, құнттау, үнемдеу деген мәселе бар емес пе?! Сондықтан кәсіпкерлік жұмысты қолға алар кезде көп ойландым. Неден бастаймын, талапқа сай дамыта аламын ба деп әуелі қойққаныммен, кейіннен нартәуекел деп жаңа белесті бағындыруға бел будым.

Негізі өз басым бала күнінен дұрыс киініп, таза жүргенді жақсы көрем!

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТӨМЕН



Қазақстандағы компаниялардың экологиялық жауапкершілігін арттыру бүгінгі басты міндеттердің бірі болып отыр. Мұндай үрдіс орнықты даму мақсаттарына қолжеткізуде ESG қағидаларының еленбейтінін көрсетеді. Бұл жағдай кәсіпорындармен бірге, тұтас елдің экономикасына, беделіне және қаржылық тұрақтылығына түрлі деңгейде қауіп төндіреді.

• БАЗЫНА

«АЙБЫНҒА» ЛАЙЫҚ ТҰЛҒА

Таяуда Президент Қ.Тоқаев «Айбын» орденінің үш дәрежесі еліміздің үш қаһарман ұлы – С.Нұрмағамбетов, Б.Момышұлы және Р.Қошқарбаевтың есімімен аталатынын бекітті. Кеңестік саясат дәуірінде осы қаһарман перзенттеріміздің әрқайсысы қазақ деген ұлттан шыққаны үшін ғана қиянат шеккенін бұл күндері жасырмай, ашық айтуға болар.

Қиянат

Бұған бәлкім, әркім әртүрлі қарар, дегенмен екі батырымыздың Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаевтың қиянат шеккендігі анық, өйткені, олар дер кезінде, нағыз бағаланар уақытында бағаланбай, Кеңес Одағының батыры атағына ие бола алмай, тәуелсіз еліміздің тұсында ғана марапатқа мезгілінен көп кешіктіріліп ұсынылғанын білеміз. Ал Сағадат Нұрмағамбетов одақ кезінде де зор бағасын алып еді ғой деп кейбір жандар сөзіммен келіспеуі мүмкін. Бірақ, міне, мамыр айының 25 жұлдызында ғасырлық мәртебелі жасына толатын ардагер ағамыздың өмір жолымен таныса келген-

де, бұл кісіге де солақай саясаттың кесірі тигенін аңғарып қалдық.

С.Нұрмағамбетовтің батырлыққа алғашқы ұсынылуы даусыз мойындалған. Ал одақ елдерін, Польшаны жаудан тазартудағы, ең бастысы Берлинді алудағы шешуші шайқастарда командирлік ұйымдастырушылығы мен ерлігі айқын танылып, өзінен жоғары командирлері оған екінші рет батыр атағын беруге лайық деп тапқанда, жоғары жақ үзілді-кесілді бас тартқан. Енді ғана біліп отырғанымыздай, жоғары жақ майдангерлердің батырлық қимылына емес, ұлтына қарап, марапатты екшеп, сұрыптайтын болған. Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаевтың батыр атағын иеленуіне қазақ болғандығы кедергі болса, Сағадат Нұрмағамбетовтің де екінші

рет батыр атағын иеленуін жоғарғы жақ артық көрген. Сірә, жиырма бір жасында жасындай жаркылдап, көзге түскен қазақ батырының тез өсіп, абыройға бөленуі әлдекімдердің тынышын алғанға ұқсайды. Бұған өзге ұлт өкілдері «құлы» орыс халқының алдына түсіп кетпесін деген түсініктің түрткі болғанын жақсы аңғарып отырмыз. Әйтпесе, батыр атағын екі рет алмақ түгілі, үш рет иеленгендер аз болмаған. Бірақ, дәл осы мәселеге келгенде, қазақ батырларының жолы бола бермегені жасырын емес.

Қазақтың жауынгер ұлдарының батыл, ержүректігін пайдаланып, үнемі ең қауіпті, аса жауапты нүктелерге жұмсаған кеңестік басшылар, оларға лайықты атак беруге келгенде іштарлық танытқан. Ал олардың «өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демекші, өз ұлдарына келгенде, еш аянып қалмай, жомарттық жасағаны белгілі. Оның бір жарқын мысалы, біздің балалық, жастық күнімізде мемлекет басқарған Л.И.Брежневті айтуға болар. Осы кісінің омырауын түгел жауып кеткен

орден-медальдары адам түгілі, атан түйеге жүк болар еді-ау! Осы жомарт марапаттың жартысының жартысын, яки, ширегін иеленген бір қазақ ұланы бар ма екен? Тарихымыздың осындай көлеңкелі, қиянатты тұсын ұрпаққа сабақ ретінде ашық көрсетіп, танытып отырғанымыз жөн.

Қатардағы жауынгерден Халық қаһарманына дейінгі бейнетті жол

Сағадат Нұрмағамбетовтің өмір жолы ерен ерлік пен азаматтық істерге толы. Ең бастысы, ол кісіні халқы сүйіп, бағалады, алақанына салып құрметтеді. Ер азаматқа осыдан артық қандай абырой болуы мүмкін?

Сағадат Нұрмағамбетов – қатардағы жауынгерден тәуелсіз еліміздің армия генералы дәрежесіне дейін көтерілген адам. Сонымен бірге, ол тәуелсіз еліміздің тұңғыш Халық Қаһарманы атағын иеленді, тұңғыш Қорғаныс министрі болды. Әрине, мұны біз тәуелсіздіктің арқасында орнаған әділеттіліктің салтанат құруы деп ұғамыз.

(Соңы 5-бетте)

